

Қостанай облысы Сарықөл ауданының Чехов ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 8 тамыздағы № 203 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 тамызда № 5018 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 312 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарықөл ауданы мәслихатының 13.01.2020 № 312 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Сарықөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Сарықөл ауданының Чехов ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің Қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы Сарықөл ауданының Чехов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессияның төрағасы,
аудандық мәслихат хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

Қостанай облысы
Сарықөл ауданының Чехов
ауылдық округінің әкімі

_____ М. Кулубеков
А. Қарашолақов

Сарықөл аудандық
мәслихатының
2014 жылғы 8 тамыздағы
№ 203 шешімімен
бекітілген

Қостанай облысы Сарықөл ауданының Чехов ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысы Сарықөл ауданының Чехов ауылдық округінде Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес өзірленді және Чехов ауылдық округ ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Чехов ауылдық округінің аумағындағы ауылдардың тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

1. Бөлек жиынды Чехов ауылдық округінің әкімі шақырады.

Сарықөл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуғе оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуғе болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Чехов ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізу дің Чехов ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Чехов ауылдық округінің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Чехов ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Чехов ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Чехов ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Сарықөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Чехов ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қойып оны Чехов ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Сарықөл аудандық

мәслихатының

2014 жылғы 8 тамыздағы

№ 203 шешіміне косымша

Қостанай облысы Сарықөл ауданының Чехов ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Сарықөл ауданы Чехов ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Сарықөл ауданы Чехов ауылдық округінің Анновка ауылының тұрғындары үшін	1
Қостанай облысы Сарықөл ауданы Чехов ауылдық округінің Урожайное ауылының тұрғындары үшін	7
Қостанай облысы Сарықөл ауданы Чехов ауылдық округінің Ақшакөл ауылының тұрғындары үшін	1